



**Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі туралы ережені бекіту жөнінде**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 547. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекеттік санитариялық қадағалау органдары мен мекемелерінің тиімділігін және пәрменділігін арттыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 25 сәуірдегі  
N 547 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
санитариялық-эпидемиологиялық қызметі туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі - органдар мен мекемелердің бірыңғай орталықтандырылған жүйесі, олардың басты міндеті қоршаған ортаның қолайсыз факторларының халықтың денсаулық жағдайына зиянды әсерін болдырмау, анықтап, жойып отыру, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға бақылау жасау және кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың санитариялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, санитариялық заңдарды және Қазақстан Республикасы заңдарының адамның денсаулығын сақтауға қатысты бөлігін орындауын қадағалау арқылы жұқпалы және кәсіптік аурулардың алдын алу болып т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет өз жұмысында

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын және өзге нормативтік актілерді басшылыққа алып отырады.

## II. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымы

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымына  
м ы н а л а р к і р е д і :

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқармасы;

- Қазақстан Республикасының тиісті аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер :

Қазақ республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станциясы

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар

Қалалық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станциялар;

- Темір жол көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер:

Жол санитариялық-эпидемиологиялық станциялары

Бөлімшелік станциялық-эпидемиологиялық станциялар

Желілік санитариялық-эпидемиологиялық станциялар;

- Әуе көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер:

Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станция

Бірлескен авиаотрядтардың санитариялық-эпидемиологиялық станциялары;

- Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне іссапарға жіберіліп, оның объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станция

Ішкі істер басқармалары жанындағы санитариялық-эпидемиологиялық станциялар ;

- Министрліктердің, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын мекемелер ;

Объектілердегі санитариялық-эпидемиологиялық станциялар;

- Ерекше қауіпті және карантиндік індет бойынша жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралар ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін органдар

мен

мекемелер:

Қазақ обаға қарсы ғылыми-өндірістік бірлестігі  
Аймақтық обаға қарсы станциялар;

- Алдын ала және ошақтық дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізетін  
органдар мен мекемелер:

Республикалық "Дезинфекция" бірлестігі  
Облыстық "Дезинфекция" бірлестіктері

Шаруашылық есептегі қалалық және аудандық дезинфекциялық станциялар;

Бюджеттегі қалалық және аудандық дезинфекциялық станциялар;

- Салауатты өмір салтын насихаттауды, халықты гигиеналық жағынан оқыту  
мен тәрбиелеуді жүзеге астыратын органдар мен мекемелер:

Республикалық "Денсаулық" орталығы  
облыстық "Денсаулық" орталықтары  
қалалық "Денсаулық" орталықтары;

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен  
мекемелері заңды ұйымдар болып табылады, олардың дербес шығыстар сметасы,  
өзінің негізгі қорлары мен айналым қаражаты, банкілерде бюджеттік және  
арнаулы шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген және  
өзінің атауы жазылған мөрі болады.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен  
мекемелерінің құруды, қайта құруды және таратуды Мемлекеттік  
санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің жоғары тұрған басқару органдары  
белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен  
мекемелерінің құрылымы, адам саны мен штат кестесі  
санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға сәйкес құрылып, оны белгіленген  
жалақы қоры шеңберінде органның және мекеменің басшысы бекітеді.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарына  
біліктілік категориясын беру үшін аттестациялауды Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бас  
басқармасы жанындағы комиссия және облыстық  
санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың комиссиялары жүзеге асырады;

- Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті ғылыми жағынан  
қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мекемелер:

Қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу  
институты

Қазақ гигиена және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институты  
Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты.

### III. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке, оның органдары мен мекемелеріне басшылық жасау

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері басқарады, ол Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары болып табылады, қызмет органдары мен мекемелеріне орталықтан басқару қағидаларына сай басшылық жасауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқармасы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке басшылық жасайды, оны Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарманың бастығы - Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің бірінші орынбасары басқарады. Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарма бастығының орынбасарлары Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің орынбасарлары болып табылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарманың бастығын және оның орынбасарларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігерінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақ республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станциясы Қазақстан Республикасында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын барлық органдар мен мекемелерге практикалық және ұйымдық әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, оны Бас дәрігер басқарады, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің орынбасары болып табылады.

Қазақ республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігерінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Облыстың және республикалық бағыныстағы қаланың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері - облыстық (қалалық) санитариялық-эпидемиологиялық бас дәрігері, (қалалық) санитариялық-эпидемиологиялық басқарманың бастығы болып табылады және облыстың (қаланың) әкімшілік аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын мекемелерге, министрліктердің, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын мекемелерге, сондай-ақ бюджеттегі дезинфекциялық

станцияларға басшылық жасайды.

Темір жол және әуе көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің, ерекше қауіпті және карантиндік індет бойынша жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шараларды қамтамасыз ететін мекемелердің, шаруашылық есеппен дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық шаралар жүргізетін органдар мен мекемелердің, "Денсаулық" орталықтарының қызметін бақылайды және үйлестіріп отырады.

Санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық мәселелерінде облыстың барлық емдеу-профилактикалық және санитариялық-эпидемиологиялық мекемелерінің арасындағы үйлестіру ісі мен қарым-қатынасты жүзеге асырады.

Облыстың (республикалық бағыныстағы қаланың) мемлекеттік санитариялық бас дәрігерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері облыстың (қаланың) әкімімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қаланың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері қалалық санитариялық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері болып табылады және қала аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын мекемелерге басшылық етеді.

Темір жол және әуе көлігінде қала аумағында ерекше қауіпті және карантиндік індет бойынша жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шараларды орындайтын, дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық шаралар жүргізетін мекемелердің, қалалық "Денсаулық" орталығының объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың қызметін үйлестіріп отырады.

Қаланың мемлекеттік санитариялық бас дәрігерін облыстың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері қала әкімімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Ауданның мемлекеттік санитариялық бас дәрігері аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері болып табылады және оның жұмысына басшылық етеді.

Темір жол және әуе көліктерінде, аудан аумағында ерекше қауіпті және карантиндік індет бойынша жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шараларды орындайтын, дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық шаралар жүргізетін мекемелердің объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың қызметін үйлестіріп отырады.

Ауданның мемлекеттік санитариялық бас дәрігерін облыстың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері аудан әкімімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Темір жолдың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері жол

санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері болып табылады және темір жолдың бөлімшелері мен желілік учаскелерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын мекемелерге б а с ш ы л ы қ е т е д і .

Темір жолдың мемлекеттік санитариялық бас дәрігерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігері Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Темір жол бөлімшесінің мемлекеттік санитариялық бас дәрігері және бөлімшесі санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері болып табылады және темір жол бөлімшесінің желілік учаскелерінің санитариялық-эпидемиологиялық станцияларына басшылық етеді.

Темір жол бөлімшесінің мемлекеттік санитариялық бас дәрігерін Темір жолдың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері қызметке тағайындайды және қ ы з м е т т е н б о с а т а д ы .

Темір жолдың желілік учаскесінің мемлекеттік санитариялық бас дәрігері желілік санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері болып табылады және оның жұмысына басшылық етеді.

Желілік учаскенің мемлекеттік санитариялық бас дәрігерін темір жолдың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

Әуе көлігіндегі мемлекеттік санитариялық бас дәрігер - әуе көлігіндегі Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері болып табылады, әуе көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын бірлескен авиаотрядтардың санитариялық-эпидемиологиялық станцияларына басшылық етеді.

Әуе көлігіндегі мемлекеттік санитариялық бас дәрігерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігері Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Бірлескен авиаотрядтың мемлекеттік санитариялық бас дәрігері бірлескен авиаотряд санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері болып табылады және оның жұмысына басшылық етеді.

Бірлескен авиаотряд санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігерін әуе көлігінде Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станцияның бас дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер Қазақстан Республикасының Ішкі істер

министрлігі жанындағы Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станцияның бастығы болып табылады және Ішкі істер басқармалары жанындағы санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың жұмысына басшылық етеді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерді Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрімен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Ішкі істер басқармаларының объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жүзеге асыратын Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер Ішкі істер басқармалары жанындағы санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың бастығы болып табылады, оны Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станцияның бастығы ішкі істер басқармасының бастығымен келісе отырып қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне іссапарға жіберіліп, оның объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің адам құрамы ішкі істер органдарының кіші, орташа, аға және жоғары басшы құрамына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің кадр құрамында тұратын жұмысшылар мен қызметшілерге бөлінеді.

Ішкі істер органдары үшін белгіленген құқықтық мәртебе, әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне іссапарға жіберіліп, оның объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің қызметкерлеріне қолданылады.

Министрлік, компания, корпорация объектісінің мемлекеттік санитариялық бас дәрігері - объект санитариялық-эпидемиологиялық станциясының бас дәрігері болып табылды және оны облыстың мемлекеттік санитарлық бас дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақ обаға қарсы ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры сонымен бірге Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтының директоры да болып табылады және аймақтық обаға қарсы станцияларға басшылық етеді.

Қазақ обаға қарсы ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директорын Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігерінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Аймақтық обаға қарсы станцияның бастығы обаға қарсы бөлімшелерге

басшылық етеді, оны облыстың мемлекеттік санитариялық бас дәрігерімен келісе отырып Қазақ обаға қарсы ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Республикалық "Дезинфекция" бірлестігінің бас директоры республикалық және облыстық "Дезинфекция" бірлестіктеріне басшылық етеді, оны облыстық "Дезинфекция" бірлестіктерінің Директорлар кеңесінің ұсынуы бойынша және Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігерімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Облыстық "Дезинфекция" бірлестігінің директоры шаруашылық есептегі қалалық және аудандық дезинфекция станцияларына басшылық етеді, оны облыстық мемлекеттік санитариялық бас дәрігерімен келісе отырып республикалық "Дезинфекция" бірлестігінің бас директоры қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

< \* > ( 3 7 - а б з а ц )

Қалалық (аудандық) дезинфекция станциясының бас дәрігері тиісінше бюджеттегі қалалық (аудандық) дезинфекция станциясына басшылық етеді, оны облыстық мемлекеттік санитариялық бас дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. < \* >

Республикалық "Денсаулық" орталығының бас директоры облыстық және қалалық "Денсаулық" орталықтарына басшылық етеді, оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігерінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Облыстық "Денсаулық" орталығының бас дәрігері облыстық және қалалық "Денсаулық" орталығына басшылық етеді, оны облыстың мемлекеттік санитариялық бас дәрігерімен келісе отырып республикалық "Денсаулық" орталығының бас дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қалалық "Денсаулық" орталығының бас дәрігері қалалық "Денсаулық" орталығына басшылық етеді, оны қаланың мемлекеттік санитариялық бас дәрігерімен келісе отырып облыстық "Денсаулық" орталығының бас дәрігері қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты мен Қазақ гигиена және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институтының директорлары осы мекемелерге басшылық етеді, оларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық бас дәрігерінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.



ЕСКЕРТУ. III-тарау өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен. P980651\_

IV. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің функциялары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің функциялары "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында баяндалған, оған сәйкес:

1. Санитариялық-эпидемиологиялық бас басқарма:

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке кіретін органдар мен мекемелерге басшылық етеді;

республика халқының денсаулығын сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдерін әзірлеуге қатысады;

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру бағдарламасын әзірлейді;

министрліктер мен ведомстволардың қоршаған ортаны жақсартуға және халықтың денсаулығын сақтауға бағытталған кешенді санитарлық-сауықтыру шараларын үйлестіріп отырады;

министрліктердің, ведомстволардың, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын орындау жөніндегі қызметін бақылайды;

мемлекеттік стандарттарды, өнімге, тауарларға, процестер мен қызметтерге, жобалау нормаларына, гигиеналық нормаларға техникалық шарттарды келіседі;

санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету мәселесінде басқа да мемлекеттік бақылау органдарымен қарым-қатынас жасайды;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары, алқа қаулыларын, Кеңестердің шешімдерін әзірлеуге қатысады;

санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бөлімдерімен, Жоғарғы Кеңес комитеттерімен, министрліктермен, ведомстволармен, компаниялармен қарым-қатынас жасайды;

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен

мекемелерінің карантиндік және ерекше қауіпті індеттер әкелуіне және таралуынан шекараны қорғау жөніндегі қызметін ұйымдастырып, үйлестіріп отырады ;

санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықтың көкейкесті мәселелері және жұқпалы аурулар таралуының ушығуына байланысты ел аумағында карантин енгізу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді ;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті ғылыми жағынан қамтамасыз ету ісін үйлестіріп отырады;

гигиена мен эпидемиология саласындағы ғылыми жетістіктерді практикаға енгізуге бақылауды қамтамасыз етеді;

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің санитариялық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, басқа да нормативтік-техникалық құжаттамаларды қажетсінуін анықтайды, оларды әзірлеу мен келісуге қатысады, басып шығаруды ұйымдастырады ;

басшы кадрлар резервін іріктеу мен даярлауды жүзеге асырады;

орталық аттестация комиссиясын құрып, мамандарға біліктілік категорияларын беру үшін аттестация өткізеді;

қалалық мекендерді жоспарлау мен салу жөніндегі жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде санитариялық ережелер мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің сақталуын бақылайды, объектілерді салу мен жаңғыртуға іріктеп бақылау жасайды ;

жұмыс істеп тұрған объектілерді мемлекеттік-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады ;

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке кіретін барлық органдар мен мекемелердің қызметін бақылауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша материалдар дайындап, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі басшылығының талқылауына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы алқа мен санитариялық-эпидемиологиялық кеңеске ұсынады.

## 2. Республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станция:

Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтарында, темір жол және әуе жолы көліктерінде, министрліктерінің, компанияларының, концерндерінің, корпорацияларының объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелерге практикалық және ұйымдық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді ;

санитариялық-гигиеналық, профилактикалық, жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шараларды, ерекше қауіпті және карантиндік індетті әкелуден және таратудан шекараны қорғау жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен өткізуде жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің органдары мен мекемелеріне практикалық көмек көрсетеді;

автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалана отырып, есеп жүргізу және есеп беру көмегімен санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға бақылауды жүзеге асырады;

жұқпалы және кәсіптік ауруларға шалдығуға, оның ішінде уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты сырқаттануға қоршаған ортаның жай-күйімен өзара байланысты талдау жасап, баға береді;

санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсартуға және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке кіретін органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруге бағытталған басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпарат базасын қалыптастырады;

объектілерді жобалау, салу және пайдалану кезінде санитариялық ережелер мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің сақталуына мемлекетті санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады;

санитариялық-химиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, радиологиялық және токсикологиялық, зерттеулер жасайды, шуды, тербелісті, электромагнитті өрістерді және басқа физикалық факторларды өлшейді;

аумақтарда, темір жол, әуе жолы көліктерінде, министрліктердің, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен мекемелердің қызметін бақылайды;

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мен басқару жөніндегі, лабораториялық бақылау әдістері, халықты санитариялық-эпидемиологиялық қорғау шараларын жетілдіру жөніндегі әдістемелік нұсқауларды, нұсқамаларды және басқа директивалық құжаттарды әзірлейді және енгізеді;

жаңа аспаптар мен жабдықтарды, лабораториялық зерттеулер мен өлшеулер әдістемесін, жұмыстың алдыңғы қатарлы түрлері мен әдістерін сынақтан өткізеді және енгізеді;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

мәселелерді алқаларда, кеңестерде, комитеттерде қарау үшін материалдар дайындауға қатысады;

сертификаттық зерттеулер жүргізуге және еңбек жағдайларын сараптауға

қ а т ы с а д ы ; < \* >

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің лабораторияларын аттестациялауды жүзеге асырады, сынақ орталықтары мен лабораторияларын тіркеуге қатысады;

санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілу жағдайын зерттейді, жаңа аппаратуралар, аспаптар, арнаулы автокөлік, медициналық-биологиялық препараттар, химиялық реактивтер сатып алуға жәрдемдеседі;

ғылыми-зерттеу институттарымен, медициналық институттардың кафедраларымен, басқа да ғылыми және практикалық мекемелермен бірлесіп санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау проблемалары бойынша семинарлар, кеңестер, конференциялар ұйымдастырады және өткізеді, өзінің салалық бөлімшелері базасында мамандар даярлайды;

санитариялық-эпидемиологиялық станцияларды кадрлармен қамтамасыз ету, мамандардың біліктілігін арттыру мәселелерімен айналысады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен. P980651\_

3. Облыстық, қалалық және аудандық санитариялық-эпидемиологиялық с т а н ц и я л а р :

кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың санитариялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді сақталуына, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, жоюға, еңбек, оқу, тұрмыс және демалыс жағдайларын жақсартуға, жұқпалы, паразиттік, кәсіптік-ауруларға шалдығудың және уақытша еңбек ету қабілетінен айрылуға байланысты сырқаттанудың, тамақтан және кәсіптік уланулардың алдын алуға бағытталған санитариялық-гигиеналық және жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралардың өткізілуіне;

қалалық және селолық мекендерді жоспарлау мен салуға, тұрғын-үй-азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс объектілеріне оларды орналастыруды перспективалық жоспарлау, жер учаскелерін бөлу, жобалау, салу және салынып біткен объектілерді қабылдау кезеңдерінде;

тағам өнімдері мен азық-түлік шикізатын өндіруге, сақтауға, тасымалдауға ж ә н е с а т у ғ а ;

тамақ өнімдеріне және ауыз сауға қатысы бар технологиялық жабдықты, мүкәммалды, ыдыстар мен орайтын материалдарды өндіру мен пайдалануға;

балалар ойыншықтары мен тауарларын, косметикалық және жуғыш құралдарды өндіру мен сатуға;

радиоактивті заттарды және иондандыратын сәулелену көздерін өндіруге, тасымалдауға, сақтауға, қолдану мен көміп тастауға, халыққа және оның

жекелеген топтарына түсетін сәуле күштеріне, қоршаған ортаның адамға радиациялық әсерінің мөлшерін құрайтын объектілерінің радиоактивтілігіне;

ұлы және күшті әсер ететін заттардың, химиялық және биологиялық өсімдік қорғау құралдарының, жануарлар мен өсімдіктер өсуін тездететін құралдардың сақталуы мен қолданылуына;

өнеркәсіп орындарында ережелер мен нормалардың, гигиеналық нормативтердің сақталуына, кәсіптік аурулар мен уланудың алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, уақытша еңбек ету қабілетінен айрылуға байланысты сырқаттану жағдайларын азайтуға;

ел қоныстанған жерлердегі сумен жабдықтаудың, канализацияның және тазалаудың жай-күйіне, жер бетіндегі және жер асты суларының, шаруашылыққа арналған сумен және ауызсумен жабдықтау көздерінің, демалатын орындардың, атмосфералық ауа мен топырақтың, коммуналдық және тұрмыстық мақсаттағы объектілердің ластануын болдырмау және жою жөніндегі шараларды жүргізуге;

жұқпалы және паразитарлық ауруға шалдығудың жай-күйіне, ауруларды және жұқпалы ауруларға шалдығуы мүмкін деген күдік тудырған адамдарды ауруханада ұстау жөніндегі шараларды орындауға, дезинфекция және дератизация ошақтарына, аурулармен бірге болған адамдарды лабораториялық тексеруге, алдын ала егулер жүргізуге;

шекараны карантиндік және ерекше қауіпті инфекциялардың әкелуінен және таралуынан санитариялық қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүргізуге мемлекеттік санитариялық қадағалауды жүзеге асырады:

- алдын ала және мерзімді медициналық байқауға жататын контингенттерді анықтауға қатысады, кәсіптік аурулар мен кәсіптік улануларды есепке алады, тергеу және талдау жүргізеді, еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған шараларды орындауға бақылау жасайды;

- тамақтан улану жағдайларын тергейді, олардың пайда болу себептерін анықтайды, алдын алу шараларын ұйымдастыру мен өткізуге бақылау жасайды;

- санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді;

- зерттеулердің бекітілген номенклатурасына сәйкес аумақтар мен объектілердің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайына сипаттама беру үшін қажетті бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық, санитариялық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық зерттеулер жүргізеді және құралдармен өлшейді.

4. Облыстардың, республикаға бағынысты аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станциялары бар қалалардың санитариялық-эпидемиологиялық станциялары (басқармалары), темір жолдардың жол санитариялық-эпидемиологиялық станциялары, әуе көлігіндегі Орталық санитариялық-эпидемиологиялық станция сонымен бірге мынадай

ұйымдық-нұсқамалық функцияларды орындайды:

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттық-әдістемелік хаттар мен нұсқамалар әзірлейді;

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды, лабораториялық зерттеулерді және құралдармен өлшеулерді жүзеге асыру жөніндегі жаңа әдістерді зерттейді, сынақтан өткізеді және енгізеді;

кадрлар орналастыруды, біліктілік арттыру курстарында мамандар даярлауды жүзеге асырады;

аттестациялық комиссиялар құрады және мамандарға біліктілік категорияларын беру үшін аттестация өткізеді;

санитариялық-эпидемиологиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша мамандардың кеңестерін, конференцияларын, семинарларын, курстық даярлықтарын ұйымдастырады және өткізеді;

қазіргі заманғы автоматтандырылған басқару жүйелерін пайдалана отырып, жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға баға беру ісіне практикалық көмек көрсетеді, қалалық және аудандық санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың қызметін үйлестіреді;

материалдық-техникалық базаны нығайтуға, лабораторияларды ең жаңа аппаратурамен, жабдықтармен жарактандыруға және арнаулы автокөлікпен қамтамасыз етуге көмектеседі.

5. Темір жолдағы және әуе көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық станциялар темір жол және әуе көлігі объектілерінде осы Ереженің 3,4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен ішкі істер басқармалары жанындағы санитариялық-эпидемиологиялық станциялар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырады және оны осы Ереженің 3,4-тармақтарына сәйкес ішкі істер органдарының, ішкі әскерлердің адам құрамына, олардың отбасы мүшелеріне, мамандандырылған мекемелердегі арнаулы контингентке қатысты жүргізеді.

7. Министрліктердің, компаниялардың, концерндердің, корпорациялардың объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалайды жүзеге асыратын санитариялық-эпидемиологиялық станциялар оны осы Ереженің 3-тармағына сәйкес қамтамасыз етеді.

8. Ерекше қауіпті және карантиндік індеттер бойынша жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуін қамтамасыз ететін органдар мен мекемелер:

- Қазақ обаға қарсы ғылыми-өндірістік бірлестігі мынадай функцияларды

а т қ а р а д ы :

Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты мен аймақтық обаға қарсы станциялар құрамында бірыңғай ғылыми-өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асырады ;

аймақтық обаға қарсы станциялардың қызметін басқарады және жұмысын бақылайды ;

республикасы аумағында ерекше қауіпті және карантиндік індеттер бойынша эпидемиологиялық жағдайға баға беру мен болжауды қамтамасыз етеді, олардың алдын алу, шекараларды санитариялық қорғау жөніндегі ғылыми негізделген бағдарламалар әзірлейді ;

ерекше қауіпті және карантиндік індеттер, шекараларды санитариялық қорғау кезіндегі профилактикалық және жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шараларды ұйымдастырады және орындайды ;

мамандандырылған лабораториялардың жұқпалы аурулардың таралуына қарсы режим талаптарына сай келетіндігін анықтау үшін аттестация өткізеді ;

жаңа медициналық иммунобиологиялық препараттар жасап, енгізеді, санитариялық-жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралар кешенін, ерекше қауіпті және карантиндік індеттерге қарсы күресу жөніндегі ғылыми және әдістемелік шаралар әзірлейді ;

ерекше қауіпті және карантиндік індеттер бойынша дәрігерлерді, биологтар мен лаборанттарды мамандандыру мен олардың білімін жетілдіру, обаға қарсы және санитариялық-эпидемиологиялық станциялар басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру ісін ұйымдастырады және өткізеді ;

ерекше қауіпті және карантиндік індеттердің алдын алу және шекараларды санитариялық қорғау мәселелері бойынша Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметке кіретін барлық ұйымдар мен мекемелердің және емдеу-алдын алу мекемелерімен қарым-қатынас жасайды ;

- Аймақтық обаға қарсы станциялар :

обаға қатысты эпидемиялық салауаттылыққа бағытталған профилактикалық шаралар кешенін ұйымдастырып, өткізеді және індеттің таралған аумақтан шығып кетпеуінің алдын алады ;

станциялардың эпидемиологиялық ушығулардың пайда болу жағдайларына үнемі дайын тұруын, ерекше қауіпті және карантиндік індеттер ошағын шектеу және жою, шекараларды санитариялық қорғау жөнінде жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шараларды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді ;

ерекше қауіпті және карантиндік індеттердің алдын алу және шекараларды санитариялық қорғау жөніндегі шараларды өткізуде денсаулық сақтау органдары мен мекемелеріне практикалық, әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді ;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан қауіптіліктің 1 және 2 топтағы қоздырғыштарын анықтау жөніндегі зерттеулер жасайтын лабораториялардағы жұқпалы аурулардың таралуына қарсы режимге бақылауды жүзеге асырады; емдеу-профилактикалық мекемелердің ерекше қауіпті және карантиндік індеттердің пада болу жағдайына әзірлігін бақылайды.

9. Профилактикалық және ошақты дезинфекцияны, дезинсекцияны, дератизацияны ұйымдастыратын және өткізетін органдар мен мекемелер:

- Республикалық "Дезинфекция" бірлестігі мынадай функцияларды орындайды:

аумақтарда профилактикалық дезинфекциялық, дератизациялық, дезинсекциялық шараларды өткізу мәселелері бойынша облыстық "Дезинфекция" бірлестіктеріне ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

профилактикалық дезинфекциялық қызметті басқаруды перспективалық даму және жетілдіру жоспарларын әзірлейді, олардың жергілікті жерлерде іске асырылуына бақылау жүргізеді;

дезинфекция, дезинсекция, дератизация проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады, жаңа құралдар мен препараттарды сынақтан өткізеді және енгізеді, жұмыстан осы заманғы нысандары мен әдістерін әзірлеп, енгізеді;

біліктілікті арттыру курстарында кадрлар даярлауды ұйымдастырады;

- Облыстық "Дезинфекция" бірлестіктері:

қалалық және аудандық дезинфекция станцияларының жұмысын басқаруды және ұйымдастыруды, олардың қызметіне және өткізген шараларының сапасына бақылауды қамтамасыз етеді; <\*>

дезинфекция станцияларының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық шараларды және күнделікті санитариялық қадағалау ісін орындайды; <\*>

эпидемиялық ушығу кезінде дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық шаралар өткізуге қатысады;

- қалалық және аудандық дезинфекция станциялары: <\*>

инфекциялық аурулар ошақтарында дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық шараларды жүзеге асырады;

объектілер мен елді мекендер аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз етеді;

профилактикалық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізеді. <\*>

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651

қаулысымен. P 9 8 0 6 5 1 \_



10. Республикалық, облыстық және қалалық "Денсаулық" орталықтары: салауатты өмір сатын насихаттауды, халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеуді, сондай-ақ жекелеген кәсіптік топтарды арнайы даярлықтан өткізуді жүзеге асырады;

халықтың арасында және ұйымдасқан ұжымдарда санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізеді;

бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспалармен қарым-қатынасты қамтамасыз етеді;

баспа қызметін жүзеге асырып, денсаулық сақтау органдары мен мекемелерін арнаулы әдебиетпен қамтамасыз етеді.

11. Қазақ гигиена және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институты, Қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты, Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты мынадай функцияларды орындайды:

мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің гигиена, эпидемиология және кәсіптік патология проблемалары жөніндегі әлеуметтік тапсырыстарды қамтамасыз етеді;

санитариялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді, әдістемелік нұсқамаларды әзірлейді;

жұмыс аймағының ауасында, атмосфера ауасында, шаруашылыққа арналған және ауызсулар мен мәдени-тұрмыстық жағдайларға арналған сулардағы химиялық және биологиялық заттардың жол беруге болатын шекте шоғырлануының және әсерінің қауіпсіз деңгейінің гигиеналық регламенттерін және физикалық факторлардың жол беруге болатын шекті деңгейін негіздейді;

иммунобиологиялық препараттар шығарады, жаңа вакциналар, қоректену орталары мен диагностикумдар шығаруды игереді, оларды қолдану мен бақылау жөніндегі әдістемелік ұсыныстар әзірлейді;

республиканың әртүрлі аймақтарындағы жұқпалы және паразитарлық аурулардың эпидемиялық процестерінің ерекшеліктеріне зерттеу жүргізеді, олардың алдын алу жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлейді;

өндірістік және табиғи ортаның қолайсыз факторларымен өзара байланыста халықтың және оның жекелеген топтарының денсаулық жағдайын зерттейді, тиісті ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасы аумағында және жекелеген аймақтарда санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар кешенін өткізуде Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелеріне практикалық көмек көрсетеді;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптама өткізуге қатысады;

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарын даярлау

ісін ұйымдастырады және өткізеді.

12. Темір жолдағы және әуе көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық станциялар, Қазақ обаға қарсы ғылыми-өндірістік бірлестігі аймақтық обаға қарсы станциялармен бірге, Қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты, Қазақ еңбек гигиеналық және кәсіптік аурулар ғылыми-зерттеу институты, республикалық және облыстық "Дезинфекция" бірлестіктері қалалық және аудандық дезинфекция станцияларымен бірге, Республикалық, облыстық және қалалық "Денсаулық" орталықтары өз міндеттерін орындаған кезде санитариялық-жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралар өткізуді Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жүзеге асыратын органдармен және мекемелермен қарым-қатынас жасап, келісіп отырады.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен ішкі істер басқармалары жанындағы санитариялық-эпидемиологиялық станциялар Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтарында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын органдармен және мекемелермен қарым-қатынас жасап, елді мекенде аумақтарының санитариялық жай-күйін, көше саудасының жай-күйін, көлік құралдарын пайдалануды бақылау функцияларын бірлесіп атқарады, коммерциялық құрылымдарды қадағалау, сондай-ақ жұқпалы аурулар мен бактерия көздерін анықтау кезінде көмек көрсетеді.

#### V. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті қаржыландыру

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметті қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттен Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің республикалық органдары мен мекемелері, темір жол мен әуе көлігінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз ететін санитариялық-эпидемиологиялық органдар мен мекемелер қаржыландырылады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бөлінетін нысаналы қаражат есебінен денсаулық сақтау мекемелерін иммунобиологиялық препараттармен, санитариялық-эпидемиологиялық станцияларды осы заманғы әрі бірегей жабдықтармен, аспаптармен, санитариялық автокөлікпен жабдықтау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің аумақтық органдары мен мекемелері, объектілерде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыратын мекемелер

аудандық, қалалық, облыстық қаржы басқармалары (бөлімдері) арқылы тікелей қ а р ж ы л а н д ы р ы л а д ы .

- < \* > ( б е с і н ш і )
- < \* > ( а л т ы н ш ы )
- < \* > ( ж е т і н ш і )
- < \* > ( с е г і з і н ш і )
- < \* > ( т о ғ ы з ы н ш ы )
- < \* > ( о н ы н ш ы )

Жұқпалы аурулардың таралуына қарсы күрес жөніндегі шараларға, сондай-ақ сырқаттану көбейген немесе жұқпалы және паразитарлық аурулардың жайылу қаупі туған кезде жоспардан тыс жұқпалы аурулардың таралуына қарсы шаралар жүргізуге республикалық және жергілікті бюджеттерде арнаулы қаражат (эпидемиологиялық қор) көзделеді, ол қолданылып жүрген нұсқамаларға сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерінің шығыстар сметасы бойынша пайдаланылады.

Жұқпалы және паразитарлық аурулардың таралу ошағын жоюға таратылған адамдарға тәуліктік қаражат қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төленеді.

Санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер ұсынатын тауарларды сату мен қызмет көрсетулерден түсетін түсімдерді олар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі айқындайтын тәртіппен пайдаланады.

ЕСКЕРТУ. Ү-бөлімнің 5,6,8,9,10-абзацтары алынып тасталған - ҚРҮ-нің 1997.04.08.N 505 қаулысымен. P970505\_

ЕСКЕРТУ. Ү-бөлімнің 5 және 7-абзацтары алынып тасталған - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен. P990708\_

ЕСКЕРТУ. Ү-бөлім абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.07. N 1315 қаулысымен. P991315\_

#### VI. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мүлкі және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет құрамына кіретін органдар мен мекемелердің үйлері, ғимараттары, жабдықтары, көлік құралдары және басқа мүлкі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің иеленуіне, пайдалануы мен басқаруына беріледі және жекешелендіруге, акцияландыруға, басқаға беруге және басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерге сатуға болмайды.

Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық және жергілікті бюджеттер, бюджеттен тыс арнаулы қаражат және Қазақстан Республикасының

зандарына қайшы келмейтін басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады.

Әкімдер, министрліктер, темір жолдар, компаниялар, концерндер және корпорациялар өз қаражаты есебінен санитариялық-эпидемиологиялық станциялардың материалдық-техникалық базасын нығайтады, оларды байланыс құралдарымен және коммуникациялармен, ал қызметкерлерін осы ведомстволар үшін белгіленген жеңілдіктермен қамтамасыз етеді.

VII. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің ведомстволық санитариялық-эпидемиологиялық қызметтермен, басқа да мемлекеттік қадағалау органдарымен қарым-қатынасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қарулы Күштерінің, Шекаралық және Ішкі әскерлерінің санитариялық-эпидемиологиялық қызметтеріне ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады және бірлескен ережелер негізінде олармен қарым-қатынас жасайды.

Басқа да мемлекеттік қадағалау органдарымен қарым-қатынас белгіленген тәртіппен бекітілген бірлескен ережелер негізінде жүзеге асырылады.